

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

«Түркістан облысы туризм басқармасы мен бағыныстағы мекемелердің бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

2022 ж

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелеңін саланың жай-қуйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

I. Кіріспе

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Түркістан облысы туризм басқармасы мен бағыныстағы мекемелердің бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

- 1) Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқару тиімділігі.
- 2) Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігі.

1.3.Мемлекеттік аудит объектілері:

1. Түркістан облысының туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі;
2. Түркістан облысы туризм басқармасының «Turkistan Tourism Center» туристік ақпараттық орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2019 жылдың 01 қаңтарынан 2022 жылдың 30 маусым аралығы.

II.Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-куйін қысқаша талдау:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының 2022 жылға арналған Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес, «Түркістан облысы туризм басқармасы мен бағыныстағы мекемелердің бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы 2022 жылдың 02 тамыздан 26 тамыз аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 2 аудит объектісі қамтылды. Оның ішінде 1 мемлекеттік мекеме және 1 коммуналдық мемлекеттік тексерулер жүргізілді.

Түркістан облысы туризм басқармасы мен бағыныстағы мекемелердің бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізілді.

«Түркістан облысының туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінің миссиясы: Мемлекеттік аудит объектісі қызметі өнірдегі туризм саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік функцияларды іске асыру болып табылады.

Облыста туристік қызметтер көрсету нарығына талдау жасау, облыстың туристік ресурстарын қорғау жөніндегі шараларды әзірлеу, туристік индустрія объектілерін жоспарлау және сату жөніндегі қызметті үйлестіру, туристік қызмет саласындағы кәсіпкерлікти дамыту және қолдау, Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес туроператорлық қызметті лицензиялауды жүзеге асыру, гидтердің кәсіптік даярлығын ұйымдастыру, туристік саланы дамыту бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту, туризмді дамытуда туристік қызмет субъектілері үшін жағдайлар жасау,

туристік қызмет объектілерін салу кезінде кәсіпкерлік субъектілердің шығындарының бір бөлігін өтеу, санитарлық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға арналған шығындардың бір бөлігін субсидиялау қызметтері КР «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңына сәйкес реттеледі.

Басқармаға бекітілген штат бойынша мемлекеттік қызметкерлерінің саны – 10 бірлік, құрылымы 2 бөлімнен тұрады.

Түркістан облысының туризм басқармасының міндеттері: облыстық туризм саласы кадрларын даятрау және қайта даятрау, олардың біліктілігін арттыру бағдарламаларын бекіту және үйлестіру, олардың қызметтерін әдіснамалық қамтамасыз ету, туризм жөніндегі мамандармен симпозиумдар, конференциялар, семинарлар, оқыту формаларын және тәжірибе алмасуларды ұйымдастыру, ішкі және кіру туристерін тарту болып табылады.

Туризм басқармасына қарасты ««Turkistan Tourism Center» туристік ақпараттық орталығы мемлекеттік коммуналдық мекемесіне бекітілген штат бойынша қызметкерлердің саны 19 бірлік, құрылымы 4 бөлімнен тұрады.

Орталық заңды тұлға дәрежесі бар коммерциялық ұйым емес, Түркістан облысы мен оның туристік әлеуетті туралы ақпаратты қалыптастыру және тарату, туристік өнімді халықаралық туристік нарықта және мемлекеттік ішінде ұсыну бойынша қызметтерін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық-құқықтық түріндегі мекеме ретінде құрылған.

«Turkistan Tourism Center» коммуналдық мекемесінің міндеттері: Облыстың туризм саласындағы субъектілерге туризм мәселелері бойынша методикалық, консультативтік көмек көрсету, өнірдің туризмі туралы барлық ақпараттарды беру, туроператорлар мен бұқаралық ақпарат құралдарына жарнамалық турлар ұйымдастыру, ақпараттық пункттарды ұйымдастыру, теледидар, БАҚ, билбордтарда жарнамалау, туризм саласына арналған іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Түркістан облысы туризм басқармасы мен бағыныстағы мекемелердің бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы 2022 жылдың 02 тамыздан 26 тамыз аралығында жүргізіліп, аудитпен 2019 жылдың 01 қаңтарынан 2022 жылдың 30 маусым аралығы қамтылды.

Жалпы аудитпен 1 115 624,1 мың теңге (республикалық бюджет қаражаты 592 121,7 мың теңге) қамтылды, оның ішінде 2019 жыл кезеңі бойынша 405 779,3 мың теңге (оның ішінде республикалық бюджеттен 31 526,9 мың теңге), 2020 жыл кезеңі бойынша 149 249,5 мың теңге, 2021 кезеңі бойынша 338 876,5 мың теңге (оның ішінде республикалық бюджеттен 338 876,5 мың теңге), 2022 кезеңі бойынша 221 718,8 мың теңге (оның ішінде республикалық бюджеттен 221 718,8 мың теңге) қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 2 объектінің ішінде 2-де қаржылық бұзушылықтар сомасы анықталған.

Анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы барлығы 74 115,5 мың теңгені құрады. Оның ішінде:

- Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары бойынша қалпына келтіруге жататын 74 115,5 мың теңге анықталып, жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы 74 115,5 мың теңге қалпына келтірілген.

Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:

I. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтардың жалпы сомасы барлығы 74 115,5 мың теңгені құраған, атап айтқанда:

- «Түркістан облысының туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша 70 315,1 мың теңге;

- Түркістан облысы туризм басқармасының «Turkistan Tourism Center» туристік ақпараттық орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 3 800,4 мың теңге.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алууды жүргізу қағидаларының 3-тармағының 43-тармақшасы мен 4, 10, 15, 17, 18, 19, 20, 21, 199, 200, 203, 216, 224, 245, 248, 250-тармақтарының талаптары сақталмagan.

II. Бухгалтерлік есепті жүргізу кезінде 2 рәсімдік бұзушылық анықталған, атап айтқанда:

- «Түркістан облысының туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша 2 бірлік.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алууды жүргізу қағидаларының 14-тармағын және 15, 17, 18, 19, 20, 21-тармақтарының талаптары сақталмagan.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өнірлік және (немесе) елдік бөліністе).

Облыстың туристік әлеуетін туристік нарықта жылжыту мақсатында 2019 жылы 20 іс-шара ұйымдастырылып өткізілді, оның ішінде Малайзия, Индонезия, Ресей, Түрция, Әзірбайдан елдеріне роуд-шоу, туристік операторларға және БАҚ өкілдеріне ақпараттық тур, қолөнершілер жәрменкесі т.б. Сондай-ақ, ішкі және шетелдік туристерді тарту бойынша жарнамалық брошюралар, туристік карталар, туристік анықтамалар дайындалды. Түркістан облысы туралы 2 минуттық 10 бейне-роликтер түсірілді, 500 трансляция жасалынған.

Қазақстанның шетелдегі елшіліктерінің шақыруы бойынша "TravelMix" (Румыния), "Food Network" (Польша) телеарналары облыстың туристік әлеуеті бойынша түсірілімдер жүргізілген. "Апорт" телеарнасының жаңа «Кең Даңа» жобасының «Ұлы Темірлан және Ұлы даңа», «Көшпендейлердің мәдени және этникалық маркерлері», «Ұлы Жібек жолындағы көшпелі және отырықшы мәдениеттің өзара іс-қимылды» тақырыптарындағы басылымдары үшін түсірілімдер жүргізілген.

2019 жыл жалпы соммасы 3,467 млрд.тг құрайтын 20 нысан (орналастыру орындары) іске қосылып, 263 жұмыс орны құрылған.

Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2024 жылға дейінгі кешенді жоспарында Төлеби ауданында «Қасқасу туристік-рекреациялық кешенінің» таулы инфрақұрылымын 2020-2021 жылдары жүргізу енгізілген. Төлеби ауданы, Қасқасу елді мекенінде «Қасқасу» тау-шаңғы курортын дамыту бойынша халықаралық сарапшылардың қатысуымен «дөңгелек үстел» өткізілген. Іс-шараға мемлекеттік органдар, Dianeige France, STEM International France, MND Group Franceсияқты халықаралық компаниялардың сарапшылары, РФ және КР халықаралық шаңғы федерациясының инспекторлары және қазақстандық компаниялар «Гео дата плюс» ЖШС және «ASP Project company» ЖШС қатысқан.

2019 жылды облыстың туризм саласы бойынша қол жеткізілген көрсеткіштер:

2019 жылдың қорытындысымен Түркістан облысына орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер саны 177 404 адамды құрап, 2018 жылмен салыстырғанда (152 124 адам) 116,6%-ға артып отыр. Сонымен қатар, 2019 жылдың қорытындысымен орналастыру орындарымен көрсетілген қызмет көлемі 1 844 349,1 мың тг. құрап, 2018 жылмен салыстырғанда 147,4% артып отыр, 2018 ж. қызмет көлемі 1 251 224,4 мың тг. құраған. Бұдан бөлек, 2019 жылды орналастыру орындарымен ұсынылған төсек-тәулік саны 381 893 құрап, 2018 жылмен салыстырғанда 140,6% артып отыр, ал жалпы 2018 ж. ұсынылған төсек-тәулік 271 585 құраған.

Сонымен қатар, 2019 жылдың қорытындысымен Отырар ауданына бір күндік келушілер саны – 485 129 адам, Түркістан қаласына – 1 148 042 адам келген және де облыс аумағында орналасқан ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға келушілер саны – 39 568 адамды құраған.

2020 жылды Түркістан оазисінің туристік әлеуетін анықтау мақсатында блогер, археологтар мен тарихшылардың қатысуымен Түркістан қаласынан 150 км радиустағы маңызды тарихи-мәдени және туристік объектілер зерттеліп, өнірдің агро - және этнотуризм әлеуеті жоғары объектілер анықталған.

Түркістан облысының 47 туристік нысаны туралы ақпарат әлемдегі ең ірі саяхатшылар порталында «Tripadvisor.com» саяхатшылар бөлімінде орналастырылған.

Облыс аумағында 29 ықтимал орналастыру орнында өнірдің туристік әлеуеті туралы ақпаратты қамтитын 4 мың жарнамалық-улестірме материалдар орналастырылған.

2020 жылы облыстың туризм саласы бойынша қол жеткізілген көрсеткіштері, орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер саны 103 747 адамды, 2019 жылмен салыстырғанда (174 304 адам) 59,5% құраған. Оның ішінде, ішкі туризм бойынша туристер саны - 102512 адам, сырттан келушілер туризмі бойынша туристер саны - 1235 адам.

Статистикалық ақпаратқа сәйкес 2020 жылдың қорытындысы бойынша орналастыру орындарында 180 996 тәуліктік төсек орындар ұсынылған. 2020 жылдың қорытындысы бойынша төсек-орын (*бір жолғы сыйымдылық*) саны – 7 410 бірлікті құрап, 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда (7 680 бірлік) 96,4%-ға төмендеген.

Орналастыру орындарымен көрсетілген қызмет көлемі 2020 жылға 1 297 625,3 мың теңгені құрап, 2019 жылмен (1 844 349,0 мың теңге) салыстырғанда 70%-ын құрап отыр. Статистика департаментінің ресми деректері бойынша 2020 жылы облыста 175 орналастыру орны тіркелген.

Сондай-ақ, 2020 жылдың қорытындысы бойынша «Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайына бір күндік келушілер саны 382 606 адам келген. Туризм саласы бойынша облысқа тартылған инвестиция көлемі 2020 жылы 132 млрд.теңгені құраған.

2021 жылы Ұлттық кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасының «Жаңа тауашаларды қалыптастыру» үшінші бағытының есептілік нысаны бойынша Облыстық туризм басқармасына 6 көрсеткіш бекітілген. Атап айтқанда, Ішкі туристердің саны (жоспар - 280 мың адам, нақты - 364 мың адам), немірлік қор төсек орын саны (жоспар - 7870, нақты - 8330), Түркістан қаласына келушілер саны (жоспар - 1 млн.адам, нақты - 1,4млн.адам), емдік-сауықтыру туризмі бойынша келушілер (жоспар - 84 мың адам, нақты - 117,4 мың адам) орындалды, шетелдік туристер саны (жоспар-1900 адам, нақты - 1351), туризм саласына инвестицияларды тарту (жоспар-150млрд.тг., нақты - 101,2 млрд.тг.) қаржының тапшылығына және пандемиялық шектеулердің жалғасуына байланысты нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізілмеген.

Туристік инфрақұрылым. Жол бойында қызмет көрсету нысандары бойынша 2021 жылы өңірде республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының бойында 529 нысаны орналасқан, оның ішінде нысанның шағын аудандарымен байланыспауы және автотұрақтың жоқтығы, көрсетілетін қызметтерінің стандартқа сай келмеуі себептерімен халықаралық стандартқа сай келмейтін 361 нысандарды алып тастау бойынша жұмыстар атқарылған. Қалған 157 нысан «А»-1, «В»-9, «С»-14, «D»-133 санаттары бойынша анықталған, қолданыстағы 157 нысандан халықаралық стандарт талаптарына сай келетін 78 нысан қызмет көрсетуде. Одан бөлек, 79 нысан бойынша халықаралық шарттарға сай келтіру жұмыстары жүргізіген.

Жол бойындағы қызмет көрсету нысандарының халықаралық стандарт (СТ РК 2476-2014) талаптарына сай келтіру бойынша іс-шара жоспары әзірленіп бекітілген. Жыл басынан 1 – санаттағы нысан «А» 2094км (Жібек-жолы) (Самара-Шымкент бойынша M-32 а/ж), «С» санатты 1 - нысан (A-2 а/ж бойынша Қорғас-Алматы-Шымкент 656 км «Файз»), оның ішінде «В»-2, «D»-9, «С»-3 санатында 20 нысан халықаралық стандарттарға сәйкестендірілген.

Туризм саласын цифрландыру бойынша жұмыстар. Әлемдегі ең ірі TripAdvisor платформасында облыстың атауын Түркістанға өзгерту бойынша жұмыстар жүргізілген, платформаға 40-тан астам туризм нысандары жүктелген, 37 қонақ үйлер тіркелген, нәтижелері бойынша Түркия, Ресей, Малайзияның мақсатты нарықтарында Түркістанның туристік потенциалы туралы ақпараттар жарияланып 2 миллион қаралымға жеткен.

Облыс көлеміндегі қонақ үйлерді E-QONAQ жүйесіне енгізу бойынша жұмыс жүргізілген, бұл шетелдік туристерді есепке алу статистикасында ашық деректерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. E-QONAQ жүйесінің мәліметі бойынша 2021 жылдың шілде-желтоқсан айларында келген шетелдік туристер саны 1141 адамды құраған.

Пилоттық режимде Түркістан қаласының мәдени-рухани орталығында 15 нысанға 4 тілде (қазақша, орысша, ағылшын, түрік) AR Turkistan визуалды аудиогид мобилді қосымшасы іске қосылған.

Облыстың туристік әлеуетін және туристік өнімдерін шетелдік нарыққа жылжыту және жарнамалау мақсатында «QatarTravelMart» халықаралық туристік көрмесіне қатысып шетелдік туристік операторлармен туристерді тарту бойынша келіссөздер жүргізілген.

Түркістан облысының туризмін жарнамалау және оқиғалық туризм. Басқарма тарапынан 15 оқиғалық іс-шара, Халықаралық туркомпаниялар, БАҚ және блогерлер үшін 11 ақпараттық тур өткізілген, республикалық БАҚ-та 28 мақала және халықаралық БАҚ-та 23 мақала жарияланған (*Түркія, Венгрия, Ресей, Өзбекстан, Қыргызстан*).

Түркістан облысының туризм саласы бойынша инвестиция көлемі 2021 жылдың тартылған инвестициялардың көлемі 101,98 млрд. теңгені құраған. 2021 жылды облыста «Керуен Сарай» көпфункционалды туристік кешені, Ramada by Wyndham, Emir Plaza, Rich Hotel, Grand Villa, Golden Ray Turkistan Hotel, Этно Парк Резорт демалыс орыны және т.б. туристік нысандары іске қосылған.

2021 жылды облыстың туризм саласы бойынша қол жеткізілген көрсеткіштері, Түркістан облысына орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген туристер саны 206 398 адамды құраған, оның ішінде ішкі туристердің саны 205 047 адам, сырттан келуші туристердің саны 1351 адамды құрап, сонымен қатар 2021 жылды облыс бойынша туризм саласында ашылған жұмысшылардың саны 18 059-ге жеткен, 2020 жылмен салыстырғанда 27%-ға артты (2020ж 14 300 адам). Сондай-ақ, 2021 жылдың қорытындысы бойынша Түркістан қаласына бір күндік келушілер (визитер) саны 1 417 372 адамды құрап, 2021 жылды туризм саласы бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі 3,8 млрд.тг.

2022 жылдың 6 айында атқарылған іс-шаралар: Google street, Wikipedia және Яндекс панorama сервистерінде облыстың туристік объектілерінің ақпараты жаңартылған және тиісті платформаларға енгізу бойынша жұмыс жүргізілген. Бұдан бөлек, арнайы туристік нысандарды қамтитын 5 туристік маршрут әзірленіп turkistantravel.com туристік порталына және туроператорлар мен гид-экскурсоводтарға сондай-ақ Туристерге қызмет көрсету орталығының «ресепшин» бөліміне қолданысқа берілген.

Үстіміздегі жылдың сөуір айында Алматы қаласында өткен халықаралық KITF 2022 «Туризм және саяхат» көрмесінде Түркістан облысының әлеуеті таныстырылған. Халықаралық көрмеге әлемнің 18 елінен, 211 компания қатысқан. Көрме аясында Актөбе облысының туристік ақпараттық орталығы мен Түркістан облысының Turkistan tourism center туристік ақпараттық орталығы арасында өзара ынтымақтастық меморандум түзілген.

2022 жылдың I тоқсан қорытындысы бойынша орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер саны 49 119 адамды құрап, 2021 жылдың I тоқсанымен салыстырғанда (39 890 адам) 123%-ға артып отыр. Статистикалық ақпаратқа сәйкес 2022 жылдың I тоқсан қорытындысы бойынша орналастыру орындарында 92 559 төсек-тәулік ұснылып, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда (75 885) 121%-ға артты. Орналастыру орындарымен көрсетілген қызмет көлемі 2022 жылдың I тоқсанымен 1 138 459,0 мың теңгені құрап, 2021 жылдың I тоқсанымен (704 928,0 мың теңге) салыстырғанда 161,5%-ға артып отыр.

2022 жылдың 6 айдың қорытындысы бойынша «Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайына бір күндік келушілер саны 385 мың адамды құраған. Түркістан облысының инвестициялары мен туристік жобаларының көлемі ҚР Статистика департаментінің мәліметі бойынша 2022 жылғы 6 ай қорытындысымен Түркістан облысының туризм саласы бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 31,2 млрд теңгені құраған. Жыл сонына дейін, облыс аумағында жалпы сомасы 86,9 млрд.тг құрайтын 35 туристік инвестиациялық жоба жүзеге асырылуы жоспарлануда. Оның ішінде, Түркістан облысының аумағында жалпы сомасы 11,97 млрд.теңгеге 6 қонақ үйдің құрылышы жүргізілуде. Құрылыш жұмыстарын жыл сонына дейін аяқтау жоспарланған. Қонақ үйлердің құрылышы аяқтала келе, облыста орналастыру орындарының нөмірлік қоры, яғни төсек-орын саны 500 бірліктен асады деп күтілуде.

III. Қорытынды бөлік

3.1 Мемлекеттік аудит жүргізу барысында қабылданған шаралар:

«Түркістан облысы туризм басқармасы мен бағыныстағы мекемелердің бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заннамаларын бұзу фактілері бойынша әкімшілік шара көру үшін барлығы 3 материал жолданып, аудит барысында **1 жауапты тұлғаға тәртіптік шара қолданылды**, Сондай-ақ, аудиторлық іс-шара барысында барлығы **74 115,5 мың теңге** бухгалтерлік есеппен қалпына келтірілді.

Атап айтқанда:

1. «Түркістан облысының туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекемесі бойынша **70 315,1 мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:**

1) Аудиторлық іс-шара барысында бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзылып, қаржылық бұзушылықтар орын алған.

Бұл ретте: Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бүйрекімен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 15,17,18,19,20,21 тармақтарының талаптары сақталмаған.

Мемлекеттік аудит барысында анықталған дұрыс есепке алынбаған бухгалтерлік операциялар барлығы 70315,1 мың теңгені құрайтын бұзушылықтар аудит жүргізу барысында бухгалтерлік жазба арқылы 2022 жылдың тамыз айында №29,30,31,32,33 бухгалтерлік анықтамасымен қалпына келтірілді. Сондай-ақ, қаржылық бұзушылық фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, яғни екінші қол қою құқығы болған бөлімнің бас маман-есепшісі Мамасерипов Бахт Саттибековичқа әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 08.09.2022-ғы № 10/1982 және 21.09.2022 жылғы №10/2157 санды хаттармен және екінші қол қою құқығы болған бөлімнің бас маман-есепшісі Алиева Динара Айтмаханбетовнаға әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 08.09.2022-ғы № 10/1984 21.09.2022 жылғы №10/2158 санды хаттармен жолданған.

2. Түркістан облысы туризм басқармасының «Turkistan Tourism Center» туристік ақпараттық орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 3 800,4 мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:

1) Аудиторлық іс-шара барысында бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзылып, қаржылық бұзушылықтар орын алған.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бүйрекімен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 3-тармағының 43-тармақшасы мен 4,15,245,247,248,250-тармақтарының талаптары сақталмаған.

Аудит барысында анықталған 3800,4 мың теңге қаржы бұзушылық 2022 жылдың тамыз айында №29 мемориалдық ордермен бухгалтерлік жазба арқылы қалпына келтірілді.

Сонымен қатар, аудит барысында Түркістан облысы туризм басқармасының «Turkistan Tourism Center» туристік ақпараттық орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының 2022 жылғы 12 тамыздағы №70н/қ бүйрекі негізінде аудит нәтижесінде жіберілген бұзушылықтарға жол берген мекеменің есепшісі Галымжан Кайратович Елеусизовке «ескерту» берілді.

Сондай-ақ, қаржылық бұзушылық фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, яғни екінші қол қою құқығы болған мекеменің

есепшісі Елеусизов Галымжан Кайратовичке әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 08.09.2022-ғы № 10/1981 санды хатпен жолданған.

3.2 Мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша тұжырымдар:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясымен аудитте қойылған мақсат пен белгіленген ауқым шегіндегі аудит мәселелері бойынша облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына және оған бағынысты мекемелер мен кәсіпорындарға бөлінген бюджет қаражатының, мемлекеттік активтерінің пайдаланылуы тиімділігіне аудит жүргізілді. Бұл ретте аудиторлық іс-шараның мақсатына сәйкес Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқару тиімділігіне, мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігіне тексеру жүргізу жоспарланды.

Жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит барысында барлығы 74 115,1 мың теңгеге қаржылық бұзушылық және 2 бірлікті құрайтын рәсімдік сипаттағы бұзушылық анықталды.

Мемлекеттік аудит нәтижелері көрсеткендегі бұзушылықтардың негізгі себептері келесі, бухгалтерлік есептілікті жүргізу және қаржылық есепті жасау барысында заң нормаларының сақталмағаны анықталды.

Жалпы аудитпен 1 115 624,1 мың теңге (*республикалық бюджет қаражаты 592 121,7 мың теңге*) қамтылды, оның ішінде 2019 жыл кезеңі бойынша 405 779,3 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 31 526,9 мың теңге*), 2020 жыл кезеңі бойынша 149 249,5 мың теңге, 2021 кезеңі бойынша 338 876,5 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 338 876,5 мың теңге*), 2022 кезеңі бойынша 221 718,8 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 221 718,8 мың теңге*) қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 2 объектінің ішінде 1-де қаржылық бұзушылықтар сомасы анықталған.

Анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы барлығы **74 115,5 мың теңгені құрады**. Оның ішінде:

- Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары бойынша қалпына келтіруге жататын 74 115,5 мың теңге анықталып, жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы 74 115,5 мың теңге қалпына келтірілген.

Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:

I. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтардың жалпы сомасы барлығы 74 115,5 мың теңгені құраған, атап айтқанда:

- «Түркістан облысының туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша 70 315,1 мың теңге;

- Түркістан облысы туризм басқармасының «Turkistan Tourism Center» туристік ақпараттық орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 3 800,4 мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталды.

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 2 бірлік бұзушылық фактілері 1 объектіде орын алған.

Оның ішінде бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілік бұзушылық фактілері бойынша «Түркістан облысының туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік анықталған.

Бұзушылықтардың орын алудының негізгі себептерінің бірі бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама тәртібі талаптарының сақталмауы болып табылады.

Яғни, Түркістан облысының туризм басқармасының бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама тәртібі талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге жауапты бөлімшесінің жұмысын сапалы жоспарлаумен атқарылуына назар аудару қажет.

Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде сапалығы мен уақтылылығын қамтамасыз етуге аса көніл бөлініп, өз мерзімінде жүйелі іс-шараларды жүргізу қажет.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары қатаң сақталуы тиіс.

Жалпы аудиторлық іс-шара бойынша жоғарыда аталған бұзушылықтарды ескере келе, мемлекеттік аудит объектілері бойынша бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасауда сапасын және уақтылылығын қамтамасыз ету жеткіліксіз деңгейде екендігі жөнінде тұжырым жасауга болады.

3.3 Мемлекеттік аудиттің нәтижесі бойынша ұсынымдар:

1. «Түркістан облысы туризм басқармасы мен бағыныстағы мекемелердің бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді пайдаланылуына мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша аудиторлық қорытындыны бекітуге ұсынамын.

2. Жалпы аудиторлық іс-шара бойынша жоғарыда аталған бұзушылықтарды ескере келе, мемлекеттік аудит объектілері бойынша бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасауда сапасын және уақтылылығын қамтамасыз ету жеткіліксіз деңгейде екендігі танылсын.

3. Аудиторлық қорытынды бойынша Түркістан облысы әкімдігіне ақпарат жолдансын.

4. Аудиторлық қорытынды бойынша Түркістан облыстық мәслихатқа ақпарат жолдансын.

5. Сондай-ақ, Аудиторлық іс-шара барысында барлығы **74 115,5 мың теңге** бухгалтерлік есепті жүргізумен қалпына келтірілгені, аудиторлық іс-шара жүргізу барысында 1 жауапты лауазымды тұлғаға тәртіптік шара қолданылғаны, әкімшілік шара көру үшін Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне 3 материал жолданғаны назарға алынсын.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою үшін аудит объектісіне нұсқама жолдансын. Атап айтқанда:

1. Түркістан облысы туризм басқармасының ММ басшысына:

1) 2022 жылғы 25 қарашаға дейін мекемеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының сақталмауына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

Жоғарыда көрсетілген тапсырма бойынша қабылданған шара туралы ақпарат растайтын құжаттармен қоса Тексеру комиссиясына белгіленген мерзімде ұсынылсын.

3.4 Қосымша:

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.